

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.4. - Б.475-478

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ОРМАН РЕСУРСТАРЫ

Мусаева Б.М., Сарсекова Д.Н., Өсерхан Б.

Павлодар облысында орман алқаптарының мол ресурстары 3 жерде орналасқан, ол Шалдай, Бесқарағай, Баянауыл орман алқаптары. Қашыр, Железинка, Ертіс аудандары далалық – орманды алқаптар балып келеді. Өйткені, ол аудандарда шоқталып өскен қайыңдар көп кездескенмен де, онда жазық далалық аймақтар басым. Сондықтан, бұл аудандарда ағаштар шаруашылықтарда аз қолданылады. Облыста жалпы орман қорының көлемі 4,6 мың га., оның 278 мың га. жері ғана кесуге рұқсат алған. Орман байлығының сапасы ағаштың құрамына байланысты болады. Ағаштардың ішінде жоғарғы сапаға қылқан жапырақты тұқымдар жатады. Орманды жердің 70,4% - қарағай, 13,3% - қайың, 4,2% - көктерек, үйеңкі, қара терек – 6,5% т.б. алып жатыр. Қазіргі мезгілде Шалдай, Бесқарағай, Баянауыл ормандары, оның ішінде шаруашылық құрылыасқа жарамды жәй қарағай ағаштары жергілікті және басқа жақтан келген кәсіпкер адамдармен жаппай ұрлануда, тіпті бұл жолында кейбір арнайы механикаландырылған топтар қатысуда. Осы себепті, кей жағдайларда ормандарға аталған адамдар тарапынан әдайі, қасақана өрт қойылады. Әсіресе, Баянауыл, Шалдай ормандары ленталық массив ретінде Алтай ормандарымен ұласады, сондықтан бұл ормандар реликті, тарихи құнды табиғи ресурстр болып табылады. Оның құндылығы халықаралық деңгейде бағаланады, өйткені, мұнда өсетін жәй қарағай түрі дүниежүзінде тек қана Америкадағы Канада елінде ғана бар деп есептелінеді. Осыған қарамастан, аталған орман ресурстарына қазірде зор нұсқандар келтіруде, олар өте сиреп барады. Жанған ағаштар орманда түрлі зиянкес жәндіктерге жемдік, қорлық, ұялық мекен – жай болуы себепті, жақсы өсіп тұрған ағаштар түрлі ауруларға шалдығып, құрап, ауырып, орман қатарынан кетуде. Жоғарыда айтылған себептерге байланысты, Баянауыл Мемлекеттік ұлттық табиғи саябақ, Шалдай, Бесқарағай ормандарында арнайы экологиялық теңестіру, қалпына келтіру жұмыстары көптеп жүргізілуі тиіс [1].

Орман - ел байлығы дегенді айте кететін болсақ, біздің облысымызда V орман шаруашылығы, яғни Шалдай, Бесқарағай, Павлодар, Үрлітүп және М. Горький орман шаруашылықтары бар. Бұлардың ішінде көлемі жағынан ең үлкендері - Шалдай мен Бесқарағай [2].

Қазіргі уақытта екі орман шаруашылықты қосып, "Ертіс орман резерваты" деп атайды, орталығы - Шалдай.

Орман қоры 277961 га. Ертіс қылқанды орман жолағы мұз дәуірінде пайда болған деген жорамал бар. Осындай қарағайлы аймақ Канада жерінде өседі. Орман ғалымдары, оның ішінде атақты орыс ғалымы Морозов та Канада мен Ертіс қарағайлы жолағының табиғи ұқсастығы жөнінде ештеңе жаза алмаған.

1995-2002 жылдары Ертіс орман резерветында (Шалдай, Бесқарағай) 71 мың га жалпы орман қоры жанып кеткен, ал орманды алқап 48,2 мың га.

2003 жылы осы аталған орманда 2222 га жалпы орман жанған, ал орман алқабы 1594 га. Сонда, сегіз жылда 73222 га жалпы орман қоры жанған, бұл дегеніңіз 26,3% жалпы резерват орман қорынан, ал орманды алқап 49800 га [2].

«Ертіс орманы» табиғи орман қоры - ерекше қорғаудағы табиғи территория. Ол ландшафтық және биологиялық әртүрлілікті қалпына келтіру мен сақтауға, тұрақты даму мен осы территориядағы табиғи ресурстарды тиімдіорманға кері әсерін тигізбейтін мөлшерде қолдануды қамтамасыз етугеарналған территория [3].

Павлодар облысының территориясының 4 %-ын орман иеленеді. Оның негізгі бір бөлігін Шалдай таспалы орманы құрайды. Мемлекеттік орман табиғи қорлары «Ертіс орманы» Павлодароблысы Шарбақты және Лебяжі аудандарынның аймақтарындаорналасқан. «Ертіс орманы» Мемлекеттік орман табиғи қорларының (МОТҚ) орталық мекені Шалдай кентінде орналасқан. Бұл Павлодар қаласынан 160 шақырым қашықтықта, қала типтес Шарбақтыдан 80 шақырым жердеорналасқан. МОТҚ-ларының жалпы ауданы - 277 961 га құрайды. Бұған 143 247 гаы Шалдай мемлекеттік мекемесіне, ал 134 714 гаы Бесқарағай мемлекеттік мекемесіне қарайды. Шалдай мемлекеттік мекемесінде таспалы қарағай орманының жалпы аумағы - 80,4 мың га.

Шалдай мемлекеттік мекемесінде: «Шалдай», «Садық-Ащы», «Первомайка», «Бұрталы», «Степное», «Сейтен», «Жаңазауыт», «Шошқалы», «Галкина» деп аталатын 9 шаруа қожалығы жұмысістейді.

Орман қорларының ауданы шығыс бойлықтың - 78°-79°, солтүстік ендіктің - 60°-62° аралығындаорналасқан. Шалдай ормандары әртүрлітаспалы ендіктермен, жері дөңесті, жазық, кейбір жерлеріалаңқай болып келеді.

Бұл орман қоры республиканың солтүстік - шығысының ақ селеулі - бетегелі далаларында және қара - талшық топырақты жерлеріндеорналасқан. Орман қорының шекарасының жалпы ұзындығы - 556 шақырымға созылды. Бұның 70 шақырымы солтүстік - шығысынан Алтай өлкесінің таспалы ормндарымен, ал оңтүстік - шығысынан Шығыс Қазақстан облысымен 30 шақырымда шектеседі, қалған 456 шақырымы батыс жағынан Павлодароблысымен жалғасып жатыр [4].

Негізгі орман құрайтын ағаштарға кәдімгі қарағайлар (*Pinus sylvestris*) жатады, басқа ағаштардан көп сүйелді қайың мен көк теректер жиі кездеседі.

Әсіресе теректер қарағайдың шетінен табақшадағы екпе гүлдер сияқты, жаппай кесілген ағаштардың орнына және көп жыл бұрын өртенген

орманның орнына өседі. Ал қайың жер бедердің төменгі бөліктеріне, жер астындағы сулардың жақын болуынан өсіп жетіледі. Біркелкі қарағай ішінде аласа ағаштар тобы көрсетілмеген, ал бұталардан әр түрлі талдар, долана, итмұрын, сары акация (қараған), шәңгіш (калина), қара қарақат т.б. жиі кездеседі [4].

Қорықтың таспалы қарағайлы орманындағы жануарлар әлемі әр түрлі. 12 отрядтан тұратын 33 құстың түрі мекендейтіні анықталған, ал сүтқоректілерден 9 тұқымдасқа 18 түрі белгіленген. Бұлардан ең кең тараған және жиі кездесетін түрлері төмендегідей (1 - кестені қараңыз).

1-кесте – Мемлекеттік орман табиғи қоры «Ертіс орманының» жануарлар әлемі

р/с	Қазақша аты	Латынша аты	Орысша аты
Құстар класы – <i>Aves</i>			
Қаз тәрізділер отряды – <i>Steganopodes</i>			
1	Отүйрек	<i>Todorhafferruginea</i>	Огарь
2	Боз үйрек	<i>Anas strepera</i>	Серая утка
Кептер тәрізділер отряды – <i>Columbal</i>			
3	Көк кептер	<i>Columba livia</i>	Сизый голубь
Тауық тәрізділер отряды – <i>Calliformes</i>			
4	Құр	<i>Lyrurus Tetrix</i>	Тетерев – косач
5	Бөдене	<i>Coturnix coturnix</i>	Перепел
6	Шіл	<i>Perdix perdix</i>	Серая куропатка
Жыртқыш құстар отряды – <i>Falconiformes</i>			
7	Бүркіт	<i>Aguilachrysaetus</i>	Беркут
8	Кезқұйрық	<i>Milvuskopschun</i>	Черный коршун

Аңшы – биологтардың және орман жұмысшыларының есебі бойынша аң мен құстардың жылдық динамикасы келесі 2- кестеде берілген

2- кесте – Аң мен құстардың жылдық динамикасы

р/с	Аң мен құстардың атауларының тізімдері	Жылдық сандары, дана			
		2009	2010	2011	2012
1	Бұлан (<i>Alcesalces L.</i>)	55	56	110	107
2	Елік (<i>Capreolus capreolus L.</i>)	190	146	282	235
3	Ақ қоян (<i>Lepus timidus</i>)	1640	578	340	290
4	Ор қоян (<i>Lepus europaeus</i>)	500	572	210	200
5	Қасқыр (<i>Canis lupus L.</i>)	82	50	145	151
6	Түлкі (<i>Vulpes vulpes L.</i>)	381	345	510	480
7	Борсық (<i>Melesmeles L.</i>)	250	275	180	160
8	Сілеусін (<i>Lynx lynx</i>)	22	14	26	21
9	Тиін (<i>Sciuros</i>)	8000	1150	3600	3100
10	Күзен (<i>Mustelaeversmanni</i>)	290	121	368	324
11	Ақкіс (<i>Mustelaerminea</i>)	3	3	18	14

12	Құр (<i>LyrurusTetrix</i>)	5500	5700	4500	4200
13	Шіл (<i>Perdixperdix</i>)	2100	750	1000	1200
Барлығы		19013	9760	11289	10482

2009 жылда жануарлардың еңүлкен саны байқалған. 2010 жылы қояндардың, ақ тиіндердің және сұр құрлардың есебінен жануарлардың саны өзгеріп төмендеген. 2011 жылы жануарлардың саны қайта өсті. 2012 жылы жануарлар саны 2011 жылмен салыстырғанда біраз тепе – тең болып тұр.

Ақ тиіндердің санының күрт төмендеуінің себебі, бұл қарағай бүрлерінің аз болуы. 2010 жылы қарағай түн көбелегі зиянкесінің көп ошақ жару себебінен, көптеген ақ тиіндер қоныс аударып кеткен. Қазір де жануарлардың саны төмен, өйткені мұның себебі, орманның өртке шалдығуы

Қасқырлардың күрт көбеюі алаңдауға әкеледі. Олар қояндарды, еліктерді құртады, ормандағы ауылдардың үй малдарына шабуыл жасайды. 2011 жылы Майқарағай жерінде қасқырлармен бұларда өлтірілген. Сондықтан да жылдан жылға жануарлардың санының төмендеу себебіне де қасқырлардың қатысы бар дейміз. Сондықтан олардың санын ретке келтіру қажеттілігіне ат салыстыру керек [5].

Орман шаруашылық алдын - алу шаралары ағаштардың әлсіреуін және зиякестердің орналасуының алдын алуға негізделеді. Төзімді көшеттерді өсіру жергілікті жердің жағдайларына байланысты ағаштарды таңдау, оптималды қалыңдықты таңдау, отырғызу схемасын және оларды басқа да бұталы ағаштармен араластырып отырғызу жолдарын таңдау арқылы жүзеге асырылады және бұл құрғап кету мен әлсіреуіне алдын алатын бірден - бір шешім болып табылады. Сондай - ақ будандастыру, ағаш породаларының төзімді түрлерін, сорттарын және формаларын таңдап алу және өсіруге де ерекше мән беріледі [6].

Әдебиеттер тізімі

1. МОТР «Ертіс орманы» ММ –10 жыл. -2013.-Б.55-57
2. «Ертіс орманы» мемлекеттік орман табиғи резерватының орман қорының жағдайы және динамикасы //Ізденістер, нәтижелер. – Алматы, - 2006. – № 4. – Б. 77-79.
3. Царегородцева А.Г. Пойменные ландшафты ПавлодарскогоПрииртышья. — Павлодар: ПГУ, -2003. –Б.75-78.
4. «Ертіс орманы» мемлекеттік орман табиғи резерватының әкімшілік-шаруашылық және басқару құрылымының жалпы сипаттамасы //Алматы гуманитарлы-техникалық университетінің хабаршысы. – Алматы: АГТУ баспасы. - 2006. – № 2(2). – Б. 64-68.
5. Отчет о НИР по теме: Исследование и мониторинг природных комплексов в целях охраны, защиты, восстановления биологического разнообразия и устойчивого развития территории резервата «Ертіс орманы» (промежуточный) Шалдай,- 2010. –Б.27-31.

6. Kristen M. Waring., Kevin L. O'Hara, Silvicultural strategies in forest ecosystems affected by introduced pests // Silvicultural research in a changing world. Forest Ecology and Management. Volume 209, Issues 1–2, 18 April 2005. - Pages 27–41.